



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

құрылымы бойынша жаңа мәдени өмірдің, жаңа дәстүрлердің, тәртіптің, өнердің үлгісі болуы тиіс. [5, б. 6–9] Бұл да заманауи мектеп үлгісінен анық байқалып отыр. Олай деу себебім, қазіргі оқушы жаңалыққа жаны құмар, зерттеуші роліне ауысты. Бүгінгі күні өз алдына ұлттық мектептер кеңейіп, білімдерін кеңейтіп, бәсекеге қабілетті шәкірттер дайындайтын ізбасарлары көбейді. Қалай ой елегінен өткізсек те, жарық жұлдыз екені мәлім.

Ел қамын ойлаған ұстаздың, ірі ағартушының мұрасы бүгінгі күні де мән – мағынасын жоймай, заманауи білім берудің тәрбие құралына айналып отыр. Ыбырай оқу – ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуге айрықша мән береді. «Қазақ хрестаматиясы» атты оқулық, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке – тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән мағынасын жоймайды. Ыбырай Алтынсарин ағарту ісімен бірге сол уақыттағы қоғамдық – саяси өмірге сергек араласып, ғылым білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты еңбектер жазды. Олай болса, Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын заманауи білімде жаңартып, оқушыларға түсіндіруде еңбегімізді еселей берейік дегім келеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Жаңа бағдар республикалық журналы №4, 2018 ж. 5 – 6 б.
2. Бастауыш сынып республикалық журналы №8, 2019 ж. 6 – 7 б.
3. «Білім шыңы» газеті №5 2019 ж. 5 – 7 б.
4. «Білімді ел» газеті №6 2020 ж. 8 – 9 б.
5. 45 – Минут республикалық журналы №5 2020 ж. 3 – 4 б.
6. «Қазақстан мектебі» журналы №5 2021 ж. №4 6 – 9 б.

ӘОЖ 37.034

#### Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ ҮНДЕСТІГІ

*Отешева Назира Қабиденовна  
қазақ тіл және әдебиеті мұғалімі  
Мирғалиева Айнұр Сұлтановна  
қазақ тіл және әдебиеті мұғалімі, мұғалім – ізденуші  
Ұшқұлақова Гүлдана Жұмабековна  
қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі  
М.Қозыбаев атындағы №23 ЖББМ  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E-mail: Otesheva05@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Мақаланың мақсаты: қанша жыл өтсе де екі ұлы адамның ағартушылық идеяларының бүгінгі таңға дейін өзінің өзектілігін жоғалтпағанын ашу. Берілген мақалада Спандияр Көбеевтің Ыбырай Алтынсарин әдеби мұраларының Ыбырай Алтынсаринмен үндестігі қарастырылады. Олардың өмірлері өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан – тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылатыны туралы баяндалады.*

*Түйінді сөздер: әдеби мұра, ағартушы, шығармалар, білім, патриотизм.*

#### Аннотация

*Цель статьи: раскрыть насколько актуальны просветительские идеи двух великих людей по сей день. В данной статье рассматривается литературная связь между Ибраем Алтынсариным и Спандияром Кубеевым. А также в статье говорится о том, что их жизнь является одним из прекрасных примеров любви к Родине и беззаветного служения ей.*

*Ключевые слова: литературное наследие, просветитель, произведения, знания, патриотизм.*

#### Abstract

*The purpose of the article: to reveal how relevant the educational ideas of the great people are to this day. This article discusses the literary connection between Ibraim Altynsaryn and Spandiyar Kubeev. And also the article says that their life is one of love for the motherland and selfless service to it.*

*Key words: enlightener, literary works, literary patriot, patriotism, knowledge.*

Заманамыздың заңғар жазушысы Мұқтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы».

Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазірде сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық анықтауда. Мұның өзі заңды да еді. Өйткені әрбір ұлы адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан, әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «жол болсын» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән – маңызы қадір – қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ы.Алтынсарин дәл осындай, үркердей саңлақтардың бірі болған еді. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер – білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді.

Педагог: «Халық мектептері үшін ең керектісі оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», – деп мұғалімдерді жоғары бағалады.

Ыбырай Алтынсарин орыс халқы мәдениетінің демократияшыл идеяларын, әсіресе, Ушинскийдің педагогикалық мектебінің жаңалықтарын шығармашылық жолмен қабылдай отырып, қазақ даласына білім таратушы, мектеп ашушы, жастарды тәрбиелеуші мұғалім болды. Ол өз ісінде әрқашан адамгершілік туын көтеріп, көптеген педагогикалық мұралар қалдырды. Солардың ішінде оның тамаша өлеңдері мен әңгімелері бар. Бірақ ол – ең алдымен ағартушы педагог. Ал оның ақындығы мен жазушылығы оның негізгі мақсатына – сол ағартушы педагогтік істеріне бағынған. Әңгімелері мен өлеңдерін балалар тәрбиесіне арнап, оқу құралдары мен оқулықтары үшін жазған.

Спандияр Көбейұлы – Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы. Өз ұстазының жолын үлгі тұтып, ағартушылық идеясын педагогтік қызметі арқылы насихаттаған. Сол бағытта Спандияр Абай мен өз ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырды және жаңа жағдайға лайық дамытты. Жасынан Ыбырайдың ағартушылық, ұстаздық жолын үлгі тұтқан Спандияр балаларды Ыбырай әдісімен орысша оқытады. Өз ұстазына еліктеген Спандияр ұстазының педагогикалық ағартушылық идеясын жүзеге асыра бастайды. Бос уақытында ауыл адамдарын жинап, оларға табиғат, география, тарих сияқты ғылым негіздерінен түсінік береді, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен әңгімелер айтып отырады.

Болашақ педагог – жазушы өзінің өмірлік мұратын мұғалімдікпен ұштастырады. «Ыбырайдың өлімі менің оқытушы боламын деген ынтианетімді біржолата баянды етіп бекітті», – дейді

Ы.Алтынсариннің шәкірті, жазушы әрі педагог. 1901 жылдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін халық мұғалімі болған. Қазақ балаларына арнап ашқан мектептеріне хрестоматиялық құрал ретінде «Үлгілі тәржіме» (1910), «Үлгілі бала» (1912), өлең – әңгімелер жинағын қоса бастырған.

Ұстазы Ы.Алтынсариннің ізімен балаларға арналған оқу құралын жазуды қолға алған С.Көбеев 1912 жылы Қазан қаласында «Үлгілі бала» кітабын бастырады. Бастауыш сынып балаларына арналған бұл оқулықта ол орыс классиктерінің балаларға арналған әдебиет үлгілерін, қазақтың ауыз әдебиеті түрлерін, орыс мысалшыларының еңбектерін кіргізді. Сонымен қатар өзінің бірсыпыра төл шығармалары да бар. Олар – әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем тап адамдарының қатыгездігін әшкерелейтін, жетім – жесірді аяуға үндейтін өлеңдер мен әңгімелер болды.

С.Көбейұлы Ыбырайдың негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеяларын әрі қарай жалғастырады. Ыбырайдың шәкірті Спандияр қазақ халқының сауат ашуына, педагогикалық жағынан құнды әдістер қалдыруына, өздерінің жан – жақтылығымен балаға деген сүйіспеншіліктерінің арқасында оқу үрдісіндегі рөлдері ерекше. Сондықтан олардың шығармаларындағы көтерілген мәселелері де бір – бірімен үндесті. Ыбырай қазақ балаларын тұңғыш рет зайырлылық бағыттағы мектепке:

Кел, балалар, оқылық

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық.

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей – ақ табылар! – деп, шақырса, С.Көбеев:

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,

Мәз болмай деген сөзге, мырза ерке,

Бұл кезде өнерлі адам ерте шықты,

Зат емес, надан адам алар текке

Халықтар кетіп жатыр егіндікке

Күн шығып, терезеге сәуле түсті

Тұрыңыз, жарамас тек уақыт өтсе, – деп, тым әсерлі, жұмсақ сөздермен ұйқысынан оятып, балаларды мектепке келуге шақырады.

С.Көбеев өзінің мұғалімі сияқты мұғалім беделін көтерудің келесі үлгілерін ұсынады:

- қоғамдық жұмыстарды белсене атқару қажет;
- педагогика ғылымын жақсы білуге міндетті;
- мұғалім өз пәнін өте жақсы білумен қатар, басқа пәндерден хабардар болғаны жөн;
- ол сыныптың құрамын, әр баланың жеке бас ерекшелігін зерттеп үйренген дұрыс;
- балалар ұжыммен қоян – қолтық араласып, оларға талаптар қойып, олардың орындалып отыруын бақылауға міндетті;

– мұғалім жүріс – тұрыс, киген – киімі, сөйлеген сөзі арқылы үлгі болуы керек;

– мұғалім баланы жақсы көру қажет.

С.Көбеевтің кез келген туындысынан оның ағартушылықты мақсат тұтқан ниетін айқын аңғаруға болады. Жазушының балаларға арнаған мысал өлеңдері мен әңгімелерінің басты нысанасы осы мақсатпен тығыз байланысты. Қаламгердің бала психологиясын жете меңгергендігін аудармалары да, төл туындылары да танытады. Ыбырай мектебінде оқыған, оның хрестоматиясы үлгісімен еңбек жазған, қысқасы, қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымының жолын қуған С.Көбеевті балалар әдебиетінің анық қамқоршысы демеске еш негіз жоқ.

Ыбырай Алтынсарин да, Спандияр Көбеев те бар саналы өмірлерін бір ұлы мақсатқа арнаған. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер – білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді. Екеуі де мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өздері де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы өмірдің өзекті мәселелерін көтерді. Оқушыларда ХХІ ғасырда табысқа жету үшін қажетті білім мен дағдыларды үйлестірумен бірге оларды тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындаудағы басты құрал – оқу үдерісінде, тәлім – тәрбие барысында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Демек, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің бірі, ағартушы – педагогы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін, яғни идеялары мен ұрпақ тәрбиесі туралы ой пікірлерін зерделеп, таразылау, жинақтау, оқу методтары мен оқыту тәсілдерін тиімді меңгеру қазіргі білім беру жүйесіндегі білім шаңырақтарында жалғасын табуда.

Ұлы даланың ағартушы – педагогы, ұстазы болған Ыбырай Алтынсарин оқыту әдіс – тәсілдерін кең тәрбиелік мағынасында: «оқыту методтары – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын, яғни ынталандыратын жол; екіншіден сабақта балалардың ойлау қабілеттерін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы», – деп түсіндірген. Демек, бүгінгі күнде оқушыларға дайын білім мен идеяларды ұсынбай, оқушылардың өздерінің құруына түрткі бола отырып, оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты болуына жетелеу Ыбырай атамыз салған, оны жалғастыра білген Спандияр атамыздың сара жолдың қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген еліміздің білім саласында жалғасын тапқандығының бірден бір дәлелі демекшіміз.

Ыбырай және Ыбырайдың шәкірті Спандияр қазақ халқының сауат ашуына, педагогикалық жағынан құнды әдістер қалдыруына, өздерінің жан – жақтылығымен балаға деген сүйіспеншіліктерінің арқасында оқу үрдісіндегі рөлдері өте – мөте ерекше. Әрбір Ұлы адам адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жаңа қауымға алыстан қол созып «жолың болсын!» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын, биіктей, мән – маңызы мен қадір – қасиеті арта түседі. Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің демократиялық мәдениетімізді қалыптастырып, дамытудағы алатын орны мен сіңірген еңбектері өте зор. Дәл осы ағартушылардан бастап құлазыған меңіреу даланың әр жерінен ғылыми – философиялық, демократиялық және поэзиялық мәні терең тамаша ой – пікірлер жалт етіп көрініп, өмір сүре бастады. Екеуінің шығармалары мен педагогикалық ағартушылық идеялары үндесіп, әлі күнге дейін өзінің өзектігін жоғалтқан жоқ деп ойлаймыз.

Қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын тарландардың екеуі де қашан да болсын уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өзінің туған халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан – тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 1–т. Алматы: Қазығұрт, 2007. 41 б.
2. Көбеев С. Орындалған арман. Алматы: Жазушы.
3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 2–т. Алматы: Жазушы, 1986. 152 б.
4. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. Алматы: Мектеп.
5. Қирабаев С. Шындық және шығарма. Алматы: Жалын, 1981. 130 б.